

Список использованной литературы

1. Министерство экономики и энергетики 2009. Национальная стратегия устойчивого развития туризма на 2009-2013 годы, МЕЕ: София.
2. Министерство экономики и энергетики 2014. Стратегия Horizon 2030, МЕЕ: София.
3. Всемирная организация туризма (2007), Практическое руководство по управлению туристическими направлениями, ЮНВТО: Мадрид.

Баржаксина Г.Е., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, МЮ-51, 2 курс магистранты
(*ғылыми жетекші - з.ғ.к., профессор Ахметова Н.С.*)

СОТ БИЛІГІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Қазақ өлкесінде сот билігінің пайда болу және қалыптасу тарихы - қазақ қоғамының жылнамасында ерекше орын алады. Қазақстандық сот билігін қалыптастыру мен бекітудің негізгі өлшемдерін түсініп ұғыну үшін қазақ даласындағы қарапайым құқық тарихнамасын біліп қана қоймай, мемлекет аумағында қолданылған құқық нормаларының, заңдар мен салт-дәстүрлердің тарихы мен оның дамуын терең игеру қажет. Шынайы халықтық үлгіде құрылып, ежелден елдік әдет-ғұрыпқа негізделген дәстүрлі құқық нормаларын берік ұстанған бұл сот жүйесі ұлттық санамыздағы ұзақ жылғы даму эволюциясында тек әділдік пен ақиқаттың айқын көрінісі ретінде мызғымай келді. Судьялар нормаларды, дәйектемелерді түсіндіруде және шешімдер шығаруда, талқылауда, сондай-ақ осы шешімдерді орындауға келтіру әдістері мен нысандарын айқындауда едәуір құқықтарға ие болды.

Оның тарихи тұлғасын көне заманнан келе жатқан Рим, Эллада, Египет, Вавилон сынды елдер жеткендей құқықтық дәрежеге көтеруді осылай ғылыми тұрғыда тиянақтау өте орынды, әрі еліміздің құқық тарихы үшін өте қажетті нәрсе. Би – бірінші кезекте халыққа сот төрелігін шынайы, әрі турашылдықпен жүзеге асыруда әділ билігімен танылған, соттық функцияны атқаратын мемлекеттік қызметші, болып табылады. Ол сот ісін жүргізгенде өзі қадағалайтын тәртіптілікті қатаң сақтай отырып, істің күрделілігі мен екі жақ тараптардың ықылас-мүдделеріне баса назар аударған. Сонымен бірге, іске қатысатын тараптардың өкілдері мен өзге де қатысушылардың мүмкіндігін шектемей, жариялықты қатаң сақтайтын әділ төреші болған. Би соттың дәлелдеу қорытындысында екі тараптың бірі жеңіп, бірі жеңіліп емес екі жаққа да шындықты мойындата білген.

Халық алдында өзінің шынайы шешімімен тараптарды татуластырса ғана әділ ісімен даңқы артқан. Ондай билердің атақ-абыройы бүкіл елге тарап, мыңдаған шақырымдардан даушылар іздеп келіп, жүгініске отырған. Сондықтан, қазақ елінің билер соты барша жұрт алдында кәсіби жағынан әбден шыңдалған, тәуелсіз сот билігі ретінде сақталып келді. «Адал би – әділ би» деген принцип содан қалған. Бұл туралы заң ғылымдарының академигі Салық Зиманов өзінің төрт тілде шыққан «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» деген кітабында: «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған», - дейді.

Сонымен би сөзіне түсінік беретін болсақ, ең алдымен би — қай заманда да өзінің елден асқан ақыл-парасат, біліктілігімен қабырғалы қалың елге көшелі ісімен қызмет етуші ірі тұлға. Бұдан кейінгі лауазымдық дәрежеде би — ауыл-үй арасындағы ақсақалдық биліктен ең жоғарғы сатыдағы сот билігінің тізгінін ұстап, Хан кеңесінде төрелік айтқан аузы дуалы ұлылық иесі. Мемлекеттік аса жоғары дәрежеде би елі үшін осы тақылеттес тағы бір лауазымды атқарған. Ол — халықаралық дәрежеде мемлекет атын зор беделге жеткізетін, еліне береке-ырыс, жақсылық пен тыныштық әкелетін бітістіруші дипломат — елшілік қызметкері. Қазақтың «Елдестірмек — елшіден, жауластырмақ — жаушыдан» деген аталы сөзі соған куә. Билердің қалың бұқара халықтың арасындағы беделі мен атақ даңқын дүйім елге мәлім еткен тағы бір ерекше қасиеті — кара тілден май тамызған шешендік өнері. Елі мен жеріне бақ-береке, ынтымақ-ырыс бұйыртқан, ел қорғаны батыры мен бағланына Алладан тілеу тілеген даналық ойдың алтын кені — батагей абыздығы. Бұған халықтың келешегі мен елдің ертеңін болжай білетін, жаман қылығын жазбай танып, сын тезіне салатын көрегендік қасиетімен ұлт тағдырын темір қазықтай тура болжап беретін кемел ойлы білгірлігін, көрегендігін қосыңыз.

Ел мүддесі мен бірлігі үшін атқарған бұл қызметтің ауқымы кең, мәні зор болған. Сонымен бірге, ел ішіндегі бүкіл қоғамдық қарым-қатынастағы құқықтық нормаларға, ұлттық мінез-құлыққа тән әдет-ғұрыптар мен салт-санаға қылау түсірмей сақтау, жетілдіру, қазіргі тілмен айтқанда құқықтық тұрғыдан тәлім-тәрбие беру, заң ретінде жүзеге асыру сынды ұлттық идеология мен патриоттыққа баулу да билерге жүктелген. Билер – өз заманының дәстүрлі құқықтары мен әдет-ғұрып ережелерін заңи тұрғыдан реттеп, заман ағымына қарай жаңартып отыратын білікті заңгерлер. «Заманына қарай – заңы, орманына қарай – аңы болады» деген қағида ізімен тозығы кетіп, озығы жеткен заңнама үлгілерін уақытына сай жаңғыртып, елді біртұтас білікті заң ережелерімен қамтамасыз етуді де өз мойнына алған. Мемлекеттік істерде заң саласын жетік білетін сұңғылалығымен ел мүддесіне қажет ереже- қағидаларды нормашығармашылық және заң талқылау қабілеттілігімен иін қандырып, құқықтық қолданысқа енгізетін білікті заң маманы бола білді. Мәселен, Майқы бидің «түгел сөзі», Өз Жәнібек ханның «әдет-ғұрыптары», «Қасқа жолды Қасым ханның», «Тура жолды Тәуекел ханның», «Ескі жолды Есім ханның», одан кейінгі «Өз Тәукенің «Жеті Жарғысын» мемлекет атынан қолданылатын заң дәрежесіне жеткізіп, талқылаған, сөйтіп қоғамдық қарым-қатынасқа енуіне кепілдік берген сол заманның атақты билері болған. Би халықтың тірі шежіресі, заңгері, әрі заң шығарушысы болды. Билердің қызметі тек сот төрелігін жүргізумен ғана шектелмей, олар қоғам өмірінің басқа да салаларына белсене қатысты: біріктіруші, бағыт беруші және жасампаз ретінде сөз сөйледі. Олардың салмақты пікірлерімен тіпті, жоғары шонжарлар-сұлтандар мен хандар да санасты. Билердің көшпенді ұжымдардың басында да тұруы аз емес. Демек, сол кездің өзінде соттар аса құрметті және тәуелсіз орган болған[1]. Өзінің көнелігі мен ескілігіне қарамастан, қазақ халқының дағдылы құқығы феодал тап өкілдерінің де, билердің де құқықтарын жақсы қорғаған. Биді сөзбен жәбірлеу, сот талқылауы кезінде билерге қарсы сөз айту, оларға зақым келтіру және т.б. адат бойынша қатаң жазаланды. Дағдылы құқық сондай-ақ билердің мүліктік жеке және отбасы мүдделерін де қызғанышпен қорғады. Үстем идеология барлық ру мүшелері мүдделерінің біртұтастығын, билер мен қатардағы көшпенділер арасындағы айырмашылықты көрсетті. Билер туралы елес халық қолдаушысы судья ретінде әлі толығымен жоғалған жоқ. Мұның барлығы билердің қоғамда аса берік орын алғандығына саяды. Кейбір зерттеушілер әлденені сөз қылып жатады. Олар үшін билер жай ғана ірі феодал. Осылайша билердің ерекшелігін белгілі бір феодал тобы деп қана баға береді де, орындалуы өз кезегінде осы топ өкілдерінің баю көзі болып табылатын оның қоғамдық қызметтері деп көзге ілмей, шек келтіреді. Дауларды қазақ құқығының атақты білгірлерінің арасынан мүдделі тараптар таңдап алған билер шешті. Қазақ халқының тарихында әділдігімен, тапқырлығымен атағы жайылған көптеген билердің есімдері белгілі. Төле би Өлібек ұлы, Қазыбек би Келдібекұлы, Әйтеке би Байбекұлы, міне, осылар үздік билер болды. Жеті жарғы дағдылы құқық нормаларының жинағы жасалды. Бұл қазақ қоғамы мен жалпы қазақ мемлекеттілігінің құрылысын сала бастаған кірпішке айналды. Алты алашқа әділ билігімен даңқы кеткен Саққұлақ би қалың елге даналықпен танылатын, халық қорғаны болып, әділ биліктің тізгінін ұстауға ұмтылатын, келешекте елдің тұтқасы, би атанатын жас өрендерге философиялық мағынасы терең және аса мәнді мынадай нақыл сөз қалдырған екен: «Адамның басшысы — ақыл, жетекшісі — талап, шолушысы — ой, жолдасы — кәсіп, қорғаны — сабыр, қорғаушысы — мінез, сыншысы — халық». Осы айтылған даналық сөздерді жадында сақтап өскен жас өрен қай уақытта да бойын жаман қылықтарға алдырмай, ақыл-ойын әділдікпен шыңдап ержетері анық. Баланың ой-қиялын, зеректігін жас кезінен шыңдайтын талапшылдық қазақтың ежелден қалыптасқан тәрбие-тәлімінде мықтап орныққан. Балиғат жасқа іліккен тілі жүйрік, ісі оңды, тауып айтатын талғамды сөзімен үлкен кісілердің көңілінен шыға білген балаларды атақты билердің алдында ой зердесін зерттеп, сыннан өткізу жақсы үрдіс болған. Мысалы, бүкіл шығармасы философиялық ойға тұнып тұрған, он үш жасынан сот билігіне араласқан Абайдай кемеңгер данышпан, бала кезінде-ақ мұндай сынның талайынан сүрінбей өткен. Елімізде кеңес билігі құрылған кезде сол құрылыстың көшбасшысы болған жаңа сот органдары құрыла бастады. Қазақстанда оның ішінде оңтүстік облыстарда дағдылы құқықтарға негізделген би соттарымен қоса, XIX ғасырдың ортасынан бастап Құран нормаларын басшылыққа алатын қазылардың соттары өмір сүрді. Бұл Қазақстанды мекен еткен халықтардың ислам дінін қабылдауымен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға өтіп, жаңа құқықтық жүйе - мұсылмандық немесе шарифаттың бекітілуімен байланысты болды. Шарифат - бұл заң нормаларының, адамгершілік қағидаттарының және өзін-өзі ұстау ережелерінің жиынтығы болып саналады. Құқықтың негізгі көздері Құран мен Сүрелер - Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекеттері мен нақыл сөздері туралы әңгімелер - хадистерде баяндалған қасиетті әңгімелерден тұрады десе де болады. Бұл соттарда ауыр істерді талқылауды жүзеге асыратын молдалар судьялар болып табылды. 1917 жылғы 19-22 сәуірлерде Орал облыстық съезі істерді Құран негізінде шешетін, яғни шарифат

нормаларын басшылыққа алатын қазылар сотын құру туралы шешім қабылдаған. 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынбор қаласында алашордашылардың бүкіл Қырғыздық съезі Алаш партиясын құру туралы қаулы қабылдады. Осы съездің сот ісін жүргізу бойынша шешімінде былай делінген: - қазіргі халық соттары өздерінің жағдайларын сақтап қалады және бұрынғы негіздерде жұмыс істейді; - қазақтардың діни мәселелерін орынборлық дін мекемесі шешеді. Дін мекемесінің жанынан қазақ бөлімі ашылып, қазақтардың істерін татар судьялар мен мүфтилер бірігіп шешеді; - әр облыстан бір-бірден дін судьясы тандап алынады; Осы съезде бес судья-қазыларға жоғары ақшалай жалақы белгіленді. Алаш партиясының 1917 жылдың 20-25 тамызында Ақтөбе қаласында өткен екінші Торғай облыстық съезінің шешімінде былайша қаулы етілді: Далада бұрынғы халық соты жұмыс істеуі тиіс. Алашордашылардың осы ұстанымын сол кездің басқа да ойшылдары, сондай-ақ кеңес билігінің алғашқы жылдарында осы идеяны белсенді қорғаған әрі насихаттаған судьялар қолдады. Өз ұсыныстарының әділдігін дәлелдеу үшін мақала авторлары Германия мен Англияның сот тәжірибесіне сүйенді. Олардың пікірінше, Англияда сот ісін жүргізу әділ, өйткені оның ұзақ уақыт қолданылып келген заң ережелері халықтың салт-дәстүріне айналған сияқты. Ал дәстүрге айналғандар сот тәжірибесінде де тұрақты негізге ие болады. Кеңес кезінде Коммунистік партия мен үкімет Қазақстанның кеңестік сот органдарына адат пен шарифат нысандарын қолдануға тыйым салған жоқ. Үкімет бұл орайда нақты тарихи жағдайды көпшілік халықтың мәдениетінің деңгейі мен танымын, Қазақстан халықтарының тұрмыстық ерекшелігін ескерді. Соттарда адат пен шарифаттың кейбір нормаларын қолдану Кеңес үкіметі осы құқық нормаларына қарсы күрес жүргізген жоқ дегенді білдірмейді. Ұлттық ерекшеліктерді ескеру Қазан төңкерісіне дейін үстемдік құрған шарифат пен адат нормаларында бекітілген патриархтық-феодалдық қатынастарда қазақтардың тұрмыстық ерекшеліктерін қорғауға соттың бейімделгенін білдірмейді.

Қазақстан Республикасындағы жүргізіліп жатқан құқықтық реформалардың негізгі мақсаты — ұлттық құқық жүйесін қалыптастыру.

Ал, реформаның негізгі принциптерінің бірі құқықтық мәдениеттің сабақтастығы болуы керек. Осыған орай, құқықтық реформаның тиімді болуына ықпал ете алатын факторлардың бірі мүмкіндікке қарай қазақ халқының құқықтық мұрасын пайдалану және есепке алу дей аламыз. Дәлірек айтқанда, соттық-құқықтық реформаларды жүргізу кезінде қазіргі уақытта аса көкейтесті болып отырған, өткен заманда өзіндік маңызы болған қазақтардың дәстүрлі әлеуметтік-құқықтық институты — билер сотын меңгеру аса қажет-ақ. Әдеттік құқықтық сот мекемесі ретіндегі билер соты қазақ этносының әдеттік құқықтардың қалыптасуы мен қызмет етуінде негізгі рөлге ие болды.

Қазақ даласына тән дәстүрлі билік және ол билер институты. Өз өркенін, екі бірдей отырықшы дүниенің арасын жалғауға дәнекер болған, еуразия далалық аумағының көшпелілер өркениетінен өрбітуші ортағасырлық дәстүрлі қазақ қоғамының бүгінгі заманғы тікелей мирасқоры болып табылар Сіз бен Бізге жеткен атамұра ұшан-қиыр. Десек те, Өзгенің дауы жоқ, шынайы қазақи, төл-де дербес саяси-әлеуметтік құрылым, мәдени - әлеуметтік құндылықтар қатарындағы дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институтының өркениеттілік ерекшеліктері жайында сөз өрбітер тұста, ең алдымен, белгілі бір мәдени үрдіс шеңберінде қалыптасатын билік формасы мен табиғаты, тарихи үздіксіздік пен логика, өмір сүру салтының философиясы секілді феномендерге көңіл бөлген абзал. Кез-келген өркениеттілік үлгісі шеңберінде этникалық құрылымның өмір сүру тәжірибесін ұдайы өндіріс айналымына түсіріп отыратын арнайы бір мәдени үрдіс қалыптасатыны белгілі. Далалық көшпелілер өркениетінің пайда болуы мен қалыптасуына ықпал еткен мұндай үрдіс, көшпелілер мәдениетінің күре тамыры болып табылар қоғам мен табиғат арасындағы тығыз қарым-қатынастан келіп туындайды. Демоәлеуметтік организмдер (көшпелі қоғамдар) мен геоәлеуметтік организмдердің (отырықшы қоғамдар), көшпелілер мәдениеті мен отырықшылық мәдениеттер арасындағы алшақтықты айқындар негізгі фактор - қоғамның саяси құрылымы мен ондағы билік институттарының ұйымдастырылу формалары. Отырықшы қоғамдардың саяси жүйесі негізінен таптық жіктеліске негізделсе, көшпелі қоғамдарда әлеуметтік жіктеліс анағұрлым күрделірек. Соңғы ретте әңгіме үйреншікті мемлекет ұғымы емес, саяси организмнің, ең алдымен, әлеуметтік-мәдени негізін білдіретін мемлекеттілік ұғымы төңірегінде болып отыр. Ұлттық тарихымызды талдау, саралау барысында зерттеудің негізгі нысаны ретінде қандай да бір жалаң, абстрактілі өндіріс тәсілін емес, қоғамдық дамудың әлеуметтік-мәдени қырынан келгендегі ұдайы өндірісін қарастыру тиімді. Кез келген қоғамдық құбылыстың сан-салалы талдамасы оның туындау, пайда болу және әрі қарайғы дамуының ішкі мүмкіншіліктерін байқататын басты белгілері айқындала бастайтын уақыттан бас алады десек,

болашақ билер институты үшін мұндай белгі – көшпелі қоғамға тән қарым-қатынастардың бүкіл жиынтығын құрайтын ру-тайпалық құрылым еді. Іргетасы рулар мен тайпалардан тұратын икемді әлеуметтік құрылым, оның ішкі оралымдығы, қозғалмалығы, демографиялық дамуға байланысты ірі тайпалардың арақидік шағын руларға бөлініп отыруы, жерді ұжымдасып пайдалану - осының барлығы ортақ территория, тығыз шаруашылық-экономикалық байланыстар, қандас-туысқандық қарым-қатынастар тәрізді шынайы алғышарттар мен ру-тайпалардың генеалогиялық бірлігі тәрізді мифтер арқылы беки түсті. Ендеше, мұндай қауымдастықтардағы әлеуметтік байланыстардың негізгі түрлері біріншіден, қандас туыстыққа, екіншіден, рулық туыстыққа, үшіншіден, саяси-территориялық (тайпалық) туыстыққа тәуелді болмауы мүмкін емес еді. Еуразия даласының геосаяси жағдайы, сондай-ақ әлеуметтік-демографиялық, шаруашылық-экономикалық және саяси жағынан қуатты рулар мен тайпалардың жүйелі түрде бірі бірінің орнын басып, алдыңғы қатарға кезектесе шығып отыруы көшпелі ру-тайпалардың үстінен қарап, олардың ішкі және сыртқы саясатын бір ізге түсіретін ірі саяси-әлеуметтік құрылымның пайда болуына алып келіп отырды[47,75]. Осылайша аталмыш кеңістікте болашақ көшпелі мемлекеттердің іргетасына айналған саяси бірлестіктер - тайпалық одақтар қалыптасқанды. Мұндай бірлестіктердің басында ру және тайпа басшыларының бас қосуларында сайланған ықпалды және саяси қабілеті мол харизмалы жетекшілер тұрды да олардың әу бастағы қоғамдық қызметі сыртқы саясат мәселелеріне қатысты болды. Саяси бірлестіктің өз ішінде болса, олар әлеуметтік-саяси қарым-қатынастарды реттеумен қатар, қандай да бір ортақ әлеуметтік құндылықтар төңірегіне топтасу тенденциясына да қызмет етті. Отырықшылыққа негізделген мемлекеттік құрылымдармен салыстырғанда көшпелі саяси бірлестіктердің территориясы оны құрайтын тайпалардың территорияларына сәйкес келмейтінді. Себебі, ірі әлеуметтік организм ретінде тайпаның өзі ірілі-уақты иерархияны құрайтын ұсақ бөлшектерден - рулардан тұратын. Мұндай әлеуметтік стереотип жеке адамның өз орнын осы тектес әлеуметтік микроорганизмдер арқылы, солардың сандық және сапалық күш-қуаты арқылы ғана анықтай білуіне алып келді-де, бұл өз кезегінде қайсібір рулар мен тайпалардың ықпалы ең алдымен олардың арасынан шыққан жекелеген саяси қайраткерлердің, яки билердің жеке басының беделіне тәуелді болуын алғы шарттады. Көріп отырғанымыздай, қоғамдық өмірді тарихи түрде дендеп алған ру-тайпалық құрылым жекелеген әлеуметтік организмдерді басқаратын тұлғалар арасында өз саяси ықпалын күшейту үшін күрестің ерекше үлгісін қалыптастырды. Осының әсерінен, әрбір ру-тайпалық бірлестік ішінде бір жағынан әлеуметтік-саяси бірлікті сақтауға деген ұмтылыс, екінші жағынан азды-көпті тәуелсіздікке қол жеткізуге тырысқан саяси шашыраңқылық тенденциясы қатар өмір сүрді[2,46].

Кеңестік халық соттары істерді қарау кезінде адат пен шарифаттың нормаларын жиі қолданған жоқ, оларды тек біреуді ренжіту немесе аса көп емес материалдық шығын келтірген жағдайларда ғана қолданды. Билер мен қазы соттары революциялық комитеттер мен жергілікті кеңестердің құзырында болған. Қазы не би сотының шешімімен келіспеген кез келген тараптар жергілікті халық сотына жүгіне алатын болды. Қарастырылып отырған кезеңде көшпелі қазақ ауылында кеңестік соттармен қатар аралық соттар түрлері бойынша сот төрелігі функциясын жүзеге асыратын Ақсақалдар соты мағынасы жағынан билер мен қазылар сотынан ешбір айырмашылығы болған жоқ[3]. Билер, қазылар және ақсақалдар соттары Кеңес үкіметінің қатаң тыйымдарына қарамастан Қазақстан аумағында 1930 жылдарға дейін өмір сүрді. Билер, қазылар және ақсақалдар соттарының сот істерін қарау фактілеріне қарсы күрес мәселелері (Қазақ АКСР ӘХК-де, Қазақ АКСР Әділет халық комиссариатында) бірнеше рет талқыланды. Нәтижесінде 1920 жылдың басында республиканың Әділет халық комиссариаты Аралық соттарды тарату туралы өкім шығарды, онда қазақ ауылындағы ақсақалдар соты туралы сөз болды. Партиялық, кеңестік органдардың пәрменді қадамдарына қарамастан қазылар, билер және ақсақалдар соты республиканың көптеген аймақтарында өз істерін жалғастыра берді. Мәселен, Сырдария облысында мұндай соттардың 1922 жылы жетуі, 1923 жылы он төрті, 1924 жылы екеуі және 1925 жылы біреуі тіркелген[4]. Ал қазіргі жаңа тәуелсіз Қазақстанның құқық жүйесінде билер функциясын судьялар атқарады. Сот билігі қазіргі таңда биліктің бір бөлек тармағы болып саналады. Қазіргі таңда сот билігі қызметін жетілдіру өзекті мәселелердің бірі деп айтсақ қателеспейміз және Қазақстандағы сот билігін жетілдіру мәселесіне ертедегі билердің сот ісін жүргізу тәжірибесін қазіргі кезге енгізу болып табылады[5]. Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құқықтық мемлекет құрғымыз келсе, онда халықтың құқықтық сауатын оятып, соның кепілі боларлықтай соттың да рөлін күшейтіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруымыз керек. Оған барар жол, қоғамдағы әділеттілік негізінде жатыр. Бұл орайда халқымызда тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ - деген қағида бар. Мұның мағынасы билік айтушы ешкімді алаламайтын

адал, кара қылды қак жарған әділ болуы керек деген мағынаға саяды. Біз ұлтымыздың сот жүйесін осы әділдікті ту етіп заң негізінде жүргізілуін қалыптастыру басты мақсат етіп қойдық[6]. Қазақстан өзінің егемендігін жариялаумен байланысты сот органдарының әрекеттеріне әлеуметтік-экономикалық саяси, құқықтық шеңберінде өте қатаң өзгеріске ұшыратты. Қазақстан Республикасы жаңа түрдегі сот жүйесін қалыптастырды. Қазіргі таңда сот биліктің бір тармағы болып саналады. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 1-бабының 2-тармағына сәйкес сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға Республика Конституциясының заңдарының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді,- делінген[7]. Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан бастап соттарға кез-келген құқықтық мемлекетке тән өкілеттіліктерді толық беру қажеттілігі туындады. Сондықтан қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы тәуелсіз сот билігі құқықтық мемлекеттің және конституционизмнің, халық бостандығының басты кепілі болды десек те қателеспейміз. Тарихи тұрғыдан зер салып қарағанда, Қазақ еліндегі билер институты мемлекет мүддесі үшін ежелгі антикалық дәуірден ХХ ғасырдың басына дейін, қысқасы Ресей империясының әкімшілік билік жүйесі енгізген халық соты мызғымаған тұста және Кеңестік сот жүйесі үстемдік алғанға дейінгі аралықта өмір сүріпті.

Бір сөзбен айтқанда, мыңдаған жылдар Қазақ елінің мемлекеттік құрылым жүйесіне, дәстүрлі құқығына өлшеусіз үлес қосқан билердің мемлекеттік билік саласында және әділ сот үшін атқарған қызметінің салмағын терең ұғыну – тарихтағы ажырамас бір бөлігі бөліп саналады және сол билерден қалған даналықтар қазіргі би функциясын атқаратын судьяларға үлгі ретінде таралса деген ойдамын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995-жыл 30-тамыз. (2017 жыл 10 наурыз №51-VI заңымен өзгертілген)
2. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, 1996.3.
3. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл (Заң актілерінің жинағы) Алматы Жеті жарғы, 2001.
4. Соттар қызметінің заңдық қана емес, саяси да мәні зор // Егемен Қазақстан 8-маусым, 2001.
5. Сапарғалиев М.С. История народных судов Казахстана. Алма-Ата, 1996.
6. Сәбікенов С.Н. Сот жүйелері // Заң және заман. 2001. №1-2. Ата заң халыққа мәңгі қызмет етеді // Егеменді Қазақстан 30-тамыз.
7. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы: Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы. Алматы: Жеті жарғы, 2001.

Ермеков Д.Е., Карагандинский государственный университет им.Е.А.Букетова, гр. Пс-12, студент
(Научный руководитель - профессор Андарова Р.К.)

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО ПОВЕДЕНИЯ ЧЕЛОВЕКА

Человеческий фактор – один из главных факторов общественного производства, ядро системы взаимосвязей между экономикой и социальной сферой общества.

Характер активности людей в экономике зависит от их социальных качеств, которые формируются как в экономической, так и в других сферах общественной жизни – политики, права, культуры, идеологии, семьи, а также от того положения, которое они в этих сферах занимают.

Экономическая психология анализирует хозяйственное поведение людей — покупателей, налогоплательщиков, предпринимателей — с помощью инструментов психологической науки. С другой стороны, к ней примыкает психологическая, или поведенческая, экономическая теория (behavioural economics), использующая отдельные психологические категории (уровень притязаний, когнитивный диссонанс и пр.) в рамках экономических моделей. Существуют примеры плодотворного применения к одним и тем же проблемам экономических и социологических методов анализа. Единого, «классического», определения модели человека в современной экономической науке не существует. В общем виде модель экономического человека обязана содержать три группы факторов, представляющих цели человека, средства для их достижения (как вещественные, так и идеальные) и информацию (знание) о процессах, благодаря которым средства ведут к достижению целей (наиболее важными из таких процессов являются производство и потребление). Методологи